# Тоқсан жасқа тақаса да тұғырынан таймаған қария

**Жақында Арқалыққа барып, жездем Рақымбек Ағыбайұлын 88-жасымен құттықтап қайтым. Отырысы нық қария күлімдей қарап, бетімнен сүйді.**



Менің жас кезім жездем Рақымбек пен апам Ермектің үйінде өтті. Жиендерім Қарлыға, Қаршыға, Ғұмырбек, Нұрлыбек, Асылбек, Айман мен Шолпаның бесігін тербетіп өсірдім.

Әлқисса деп Рекеңнің өмір жолына қарасаң, сүрлеуі мол, тағдыр соқпағы көп кездеседі. Әкесі Ақтасұлы Ағыбай ауыр науқастан ерте көз жұмып, Рекең жетімдіктің жолын ерте кешеді. Ол бір жыл зұлымдықтың қаны, қиындықтың жасы төгілген 1937 жыл еді. Анасы Қымбат өте қажырлы, өткір келіншек еді. Сауыншы, малшы, шөпші болып жүріп, үш баласын ер жеткізді. Ол алтыншы ауылдан төртінші ауылға - Көкалатқа көшіп келген жылдар еді.

Көлқамыста Мүси бірге баратын. Айтуған аға көбіне қызмет бабымен алыс совхоздарда жүріп, бір біріне сағынышпен табысатын. Ал, Ермек пен Күләштың татулығы таңдай қақтырады. Күләш белгілі, басынан сөз асырмаған, бағы да, тағы да мықты Мырқалидың Кәрімінің қызы.Ермек төрт ұлдың тұңғышы Жұмантайдың Молдашының ақ маңдайы еді. Өмір солай жалғаса берді. Рекең совхоздың белді жүргізушісі болды, артқы кезде техниканың алыбы К-700 қа отырып, біраз жыл терін төкті..

Бір күні жоқ жерден Айтуған бауыры: - Реке, Амантоғай ауданы, Тасты совхозына Қалап де. Екінші туғандай бауыры Айтуған қайтыс болғанда. Үшінші адал жары Ермектің демі біткенде. Өмір жолының соқпағы да, тоқпағы да, жақсысы да, жаманы да бар..

Сол өмірдің ащысының да, тұщысының да дәмін татқан қария Рақымбек 90-ға тақаса да немере шөбере қызығын көріп, тұғырда мықты отырған қырандай қария. Қарлыға мен Шолпаны Қостанай, Рудныйда тұрады. Үлкен ұлы Ғұмырбек Астанада жоғары білікті оташы. Республикалық жедел жәрдем бас дәргерінің орынбасары. Қаршыға, Нұрлыбек,

Асылбек бәрі де әр салада қызымет атқа-

Жатқанов деген ағасының қамқорлығында болады. Қыздары бой жетіп, тұрмысқа шығады. Рақымбек сол Көкалаттан сегізді бітіреді. Содан жасы келген бала жүргізушілік курсты бітіріп, әскер қатарына алынады. Ол әскерге өкіл әкесі Жамалден шаңырағынан аттанады. Қымбат анасы туысқандардың қалауымен, әйелі дүние салып, шиеттей бала шағамен қалған осы кісіге тұрмысқа шығады. Бір ғажабы Жәкеңнің балалары бір туғандай болып өседі. Өмірден өткенше Рекеңмен қатарлас үлкен ұлы Айтуған Рақымбекті ағасындай сыйлап, әр кезде төрден орын беретін. Ал, Бағзада, Базаркүл мен Базардай қыздарды туған қарындасындай еркелетіп, қолынан ұзатты. Ұлдары ер жетіп, қыздары бой жеткенде құдалыққа

деген досым директор болыпты, сол мені қызметке шақырды ,соған көшетін шығармын, - деді. Қызыл компартия кезінде К-700 пен қос тіркемесін тіркеп, өзі көшіріп орналстырды. Содан сонына түскен совхоз басшысы араға 4-5 жылдан кейін Рекеңді жұмыстан босатты. Енді не істеймін деп жүргенде Айтуған хабарласып:

- Реке, көлік жіберем, үй, жұмыс, бәрі дайын, тек әзір отыр- деген хабар келді. Артынан Рекең Тасты совхозының ортасынан үлкен үйге кіріп, жаңа техникаға отырып, өмірдің рахатын көріп, ұлын ұяға қондырып, қызын қияға ұшырды. Сол жерден зейнеткерлікке шығып, Арқалыққа көшіп келді..

Рекең өте қаталдау болды, көп босай бермейтін. Үш рет жылағанын көрдім.

Бірінші анасы Қымбат дүниеден өткен-

рады, жанұялы, Арқалықта тұрады. Рекеңнің ермегі теледидар көру мен газеттер оқу, саяси жаналықтармен танысып отырады. Әлі тың, ақыл есі тамаша, денсаулығына байланысты ота жасаған аяқтары жүруге аздап кедергі жасайды. Таяқпен кіріп шығады, міндеті кісі де емес, әлі күш - қуаты баршылық. Біз қоштасарда : «Есен сау бол, топты жарып, 90 - ға жет»,- деп қолын қыстық.

Шаршама, шалдықпа, қара шаңырақтын абызы Рақымбек Ағыбайұлы!

***Тұяғысың білем, білем, асылдың,***
***Алшысынан тіке түскен асығың.***
***Ұрпағыңды ертіп алып қасыңа,***
***Шыңына шық асқар таулы ғасырдың!***

**Болат МОЛДАШҰЛЫ**